

бар. «Әке, ертең сіздерге келін әкелемін. КелінДІ емес. Әке, ертең келіндеріңізДІ әкелемін.»  
«Біз арғын руынан қыз алғанбыз. Біз арғын руының қызЫН алғанбыз»

«Қазақ тілінде көмектес септік қандай бір әрекеттің объектісі болатын есім сөз не етістікке жалғанбайды. Көмектес септік тек әрекетті істейтін адамның қолындағы құралды, сол әрекетті істеу амалын, тәсілін не сол әрекетті ортақ істейтін екінші адамды білдіру үшін қоланылады. Мұны тексеру үшін "Жаңалығыммен кіммен бөлісемін?" деп сұрақ қойса жеткілікті. "Мен сеніМЕН жаңалығымМЕН бөлісемін". Қатарынан екі көмектес септік жалғауы тұрғаны қате. "Бөлісу" деген әрекеттің объектісі болатын сөз тек табыс септігінде тұрады: "Жар төсегін бөліскен", "Ой(ды) бөлісейік", тағы сол сияқты.

Бөліс етістігі - ортақ етісте тұр. Демек ол бір адам істейтін әрекетті емес, кем дегенде екі адам ортақ істейтін әрекетті білдіреді. Бір адам өз тарапынан ол әрекетті жеке-дара істей алмайды. Оған ортақ болатын адам керек. "Жиналғандар ой бөлісті". Ал "поделиться" сөзінің қазақ тіліндегі баламаларына келсек:

Поделилися куском хлеба. - Нанын бөліп берді.

Поделился мыслями. - Ойын ортаға салды.

Поделился новостью. - Жаңалықты жар салды (айтты, жариялады)

Бөлісу дегеннің өзі - бірнәрсеге ортақ болу. Біреуді бірнәрсеге ортақ қылу да емес. Екі (үш, төрт, көп) жақтан келіп бір нәрсеге ортақтасу. Қазақ "Тамақты бөлісіп жейді, жұмысты бөлісіп істейді", бірақ тамақПЕН, жұмысПЕН бөліспейді. "ЖаңалықПЕН бөлісу" дегенді жазғыңыз келгенде өзіңізден "жаңалықПЕН НЕНІ бөлісем?" деп сұраңызшы, сонда бәрі орнына тұра қалады.»[5]

Тіл - адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайты күйге кшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз - жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды. Жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Қай сөз қай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтірін сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://bilim-all.kz/quote/11802>
2. <https://ortalyq.kz/aldyr-an-izi-m-gilik/>
3. Пірімбетов Т.Т. «Қазақ тілінің сөйлеу элементтері(қарапайым сөздер):Монография. – Қарағанды:ҚарМУ баспасы, 2011.–156 бет.
4. Маманов Ы. «Қазақ тіл білімінің мәселелері»/Құраст.:ф.ғ.д. Ғ. Әнес. – Алматы:"Абзал-Ай" баспасы, 2014.–640бет.
5. <https://t.me/KalkaStop>

#### Самат Аида Саматқызы

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі

«№86 ЖББМ» КММ, Қарағанды қ.

[aida\\_901025@mail.ru](mailto:aida_901025@mail.ru)

### ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ МЕДИАЛИНГВИСТИКА

Қазіргі лингвистика әлемнің әртүрлі ғылыми орталықтарында қарқынды дамып келеді. Қазақ тіл білімі әлемдік тіл білімінің бір бөлігі ретінде лингвистика ғылымының қазіргі заманғы үрдістеріне сәйкес дамып өркендеп, бірнеше кезеңінен өтті. Қазақстан

лингвистикасы тіл туралы ғылымның барлық бағыттарын қамтиды. Бұған соңғы жылдары отандық ғалымдардың еңбектері дәлел бола алады. Отандық тілтанушы ғалымдардың міндеті қазақ тіл білімін әлемдік лингвистика деңгейіне көтеру, оны серпінді, инновациялық зерттеулер есебінен бәсекеге қабілетті дамыту болып отыр.

Тіл адам қоғамында өмір сүріп, оның “қажетін” жүзеге асыратын құрал болғандықтан, тіл білімінің әлеуметтік лингвистика деп аталатын саласының атқарар қызметі де, ғылыми маңызы да ерекше. XIX-XX ғғ. бастап, лингвистикалық бағыттары негізі қаланған бұл саланың бүгінде өз нысаны, мақсат-міндеті, заңдылықтары қалыптасып орныққан.

Қазақ тіл білімінің даму кезеңдерінде әсіресе, Қазан төңкерісінен кейінгі онжылдық ерекше аталады. Қазақ әдеби тілінің Кеңес дәуіріндегі дамуын мерзімді баспасөз тілінің негізінде зерттеген С. Исаев: «Совет өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде–ақ көркем шығарма тілінің дамуымен қабат ресми стильдің көрінісі ретінде ғылыми шығарма, публицистикалық шығарма, баспасөз тілі өз алдына жеке қалыптасып дами бастады» [1, 304] деп жаза отырып, мынадай қорытындыға келеді: «Совет дәуіріндегі газет-журнал тілін зерттеудің нәтижесінде жазба тіліміздің бір ізге түсіп, нормалана бастауын да байқай аламыз. Басқасын былай қойғанда, тіпті 1920 жылдардың бас кезіндегі газет-журналдың тілінде біраз айырма байқалады. 20 жылдардың аяқ шенінде баспасөз тілінің екшеленіп, сараланып, қажетсіз элементтерден арыла түскенін көреміз. Әсіресе, «кітаби» тіл дәстүрінің элементтері құлдырап, кеми бастағанын анық байқауға болады» [1, 310].

Ғалым М.Балақаев «Тіл - әлеуметтік құбылыс. Бала ана тілін қоғам мүшесі ретінде пайдалануды табиғи айналадан үйренеді» дей отырып, тілтанымның әлеуметтік заңдылықтарын сұрыптауда «адамның тіл жұмсау» әрекетін басшылыққа алды, оны адамның «қоғам мүддесіне лайық көптеген іс-әрекеттердің бір бөлігі» деп есептеді. Осыған орай, тілші «қоғамдық сананың» қалыптасу алғышарттарын тілдік дамудың, оның жаңа сапалы тіл қажеттіліктерін атқаруының салдары деп түсіндірді. Оған дәлел ретінде зерттеуші «Ешбір қоғамдық құбылыс дербес, дара, оқшау қалпында, басқа құбылыстармен байланыссыз өмір сүре алмайтынын» атап өтті. Сондай құбылыстар қатарында М.Балақаев тіл мен әлеуметтің бір-біріне әсер ету нормаларына ерекше зейін қойды, сондықтан, қоғам ол тілді шындай түсу қамын ойлайды [2, 184]. Өйткені қоғам өмірінің биік шыңға көтерілуі, адамдардың ой-өрісінің, сана-сезімінің, экономика, өнер-білім, ғылым, мәдениетінің біріне-бірі ілесе ілгері дамуы, сөз жоқ, оның тіліне де ықпалын тигізеді деген қорытынды жасады.

Оның айқын айғағы ретінде тілші әдеби тілдің, оның стильдік тармақтарының даму үлгілерін сөз етті. Сөйтіп, қоғам мүшелерінің қатысымен дамиды және қоғамның әр қилы орайындағы тілдік тәсілдердің белгілі бір мақсатқа жинақталуымен жүзеге асатын бұл лингвистикалық ұғымдарды «қоғамдық категориялар» деп таныған ғалым тілтанымның әлеуметтік негіздерін қалыптастыруға ат салысып қана қойған жоқ, сонымен қатар оның ғылыми-теориялық дамуының да алғышарттарын ұсынды.

«Жалпы тіл білімінің теориялық топшылаулары мен қорытындыларын» дамытқан К.Аханов зерттеулері де тіл мен қоғамның қарым-қатынасын «екі жақты байланыс» үлгісінде қарастырған ғылыми ізденістер нәтижесін құрады. Олай болса, қазақ тіл біліміндегі тілтанымның әлеуметтік негіздерін қоғам, қоғамдық сана мен ой-өріс, қоғамдық таным, әлеуметтік тыйым, әлеуметтік картина, заман, тұрмыс мәселелері, тәжірибе сынды ұғымдар құрайды, себебі ғалым Ә.Хасенов атап өткендей, «Қоғамсыз тіл болмайды, тілі жоқ қоғам – адамзаттың ешбір қауымы болмайды. Демек, қоғам үшін тіл керек; тілдің өмір сүруі үшін оның қоғамы болу керек. Бұл – ақиқат та тарихи шындық» [3,190], яғни қоғамдық құрылыстың құрамды бөліктері тілтанымның универсалды әлеуметтік негіздерін анықтау үшін, ал тіл мен танымның ұғымдық бірліктері қоғамның даму сипатын айғақтау үшін аса қажет.

Ғалым С.Аманжолов зерттеулерінің желісі тілдің қоғамдық ерекшелігіне шоғырланған. Автор тілдің барлық белгілерін оның қоғамдағы орнымен, әлеуметтік өзгешелігімен байланыстырды. Автор тұжырымдарының басым көпшілігі лингвистиканы қоғамдық ғылым

ретінде қарастыруға саяды. «Адам қоғамына» мән бере келе, оның мүмкіндігін жоғары бағалай отырып, ғалым тек қоғам бар жерде ғана тіл өмір сүреді, оны зерттеп, өркендетер тіл ғылымы дами алады деп түйіндейді. Осыған сәйкес, кез келген тіл білімінің саласын С.Аманжолов «адам қоғамының зор табысы, ғылыми жетістігі» деп дәйектеді: «Мыңдаған жыл өмір сүрген адам баласының дүние тануына үнемі қызмет еткен тіл, тек қарым-қатынастың құралы ғана емес, ол дамудың да және күрестің де құралы болуымен қатар, грамматика сияқты адам баласына зор қызмет істейтін өте маңызды ғылымды тудырды. Бұл ғылым адам баласының ұзақ өміріндегі тұрмыс үшін күрес жолында жасаған тәжірибелерін, ойлауының ұзақ уақыт абстракциялануы арқасында топшыланған жетістіктерін қорытқан да білім болып отыр» [4, 368].

Тілші көпшілік назарын тілдің қоғамдық маңыздылығын, оның табиғи әрі танымдық ерекшелігін, функционалды сипатын тіл арқылы айқындауға бағыттаған. Осы орайда, қоғамдық факторлармен бірге зерттеуші тілтанымдық құралдарға зер салды, ол тілдік амалдарды тек қарым-қатынас функциясында ғана емес, дүниені тану, тәжірибе жинау, ойлау, білім алу негізі деп сұрыптау қажеттігін ескертті.

Құрылымдық типология тұрғысынан барлық тілдер тең дәрежелі болып есептелсе де, әлеуметтік типологияда тілдердің сараланатын өз өлшемдері, өз құндылықтары барын назарға алсақ, С.Аманжоловтың «...тілдердің біріне-бірі ұқсап та, ұқсамауы да әлеуметтік жағдайға байланысты» деген тұжырымының маңыздылығына, сөзсіз көз жеткіземіз. Бұл жағдайда сол тілде сөйлеуші адамдардың, халықтардың саны, қолданушы мемлекеттердің есептік көрсеткіші ескеріледі әрі тілдің қоғамдық функциялары мен әлеуметтік салаларды қамту өзгешелігі нысанағы алынады. Мұндай ерекшеліктерді С.Аманжолов «қоғамдық қарым-қатынас күштілігі» [4,370],- деп сипаттай отырып, тілдің «қоғамдық құбылыс, қоғамдық коллективтіктің тапқан, жасаған нәрсесі, қоғаммен бірге өсіп-өнетін нәрсе» екенін дәйектейді.

Демек, тілдің әлеуметтік деңгейін анықтау, оның қоғамдық танымын саралау және қоғамдық сананы қалыптастырудағы атқарар қызметін талдап көрсету, бір жағынан, қарым-қатынас күштілігі деп түсіндірілсе, екіншіден, қоғамдық коллективтің тапқан, жасаған нәрсесі деп ұғынылады, яғни әлеуметтік таным тілдік құралдардың жасалу, мәдениеті, қалыптасы, даму заңдылықтарымен тығыз байланысты болады.

Тіл мәдениетінің тіл білімінің басқа салаларынан айырмашылығы – оның күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болатындығында. Тіл мәдениеті дегеніміз – коммуникативтік қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолдану.

Әрбір халықтың тіл мәдениеті жүйесінің өзіндік лингвистикалық табиғаты бар және өзіндік ұлттық нысанға ие. Ол тілде бір тілге қатысты ғана қарастырылмайды, оның пайда болу тарихы, сол тілдегі өзіндік қолданысы, оның даму тарихы бар. Тіл мәдениетінің негізгі басымдығы тұлғалардың қарым-қатынас әрекетінің нәтижесі мәдениеттіліктің тамаша үлгісі ретінде көрініс береді. Мұндай құбылыс сол басымдықты қолданушы халықтың дәстүрлері, қоғамдық жағдайынан көрініс табады.

Халықтың өзара тілдік қатынастар әрекетінің мағыналық бағыты халық өмірінің айнасы іспеттес, өмірде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып, бірте-бірте өзгеріске түсіп отыратын, ұлттық сипатқа ие лингвистикалық құбылыс болып саналады. Сол себепті тіл мәдениетінің саласын зерттеу қазақ тілінің тарихы үшін, оның ішінде тіл білімінің теориялық және практикалық дамуы үшін өте өзекті деп санаймыз.

Тіл мәдениеті теориясының ең негізгі мәселесі – тіл нормасы. Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру. Тіл жүйесінің қоғамдық қарым-қатынас үдерісінде таңдалып алынып, бекітіліп, орныққан құралдарының жиынтығын тілдік норма дейді. Тілдік норма - әдеби тілдің белгісі, сондықтан ол тіл дамуының барлық кезеңдеріне тән және оның көрсеткіші. Норма әрі лингвистикалық, әрі әлеуметтік-тарихи санат, себебі ол тілдік құралдарды таңдап, талғаумен

ғана байланысты емес, сонымен қатар олардың дұрыс, көркем болуын да қамтиды, яғни оларды бағалауға да байланысты. Тілдік құбылыстың нормальдылығы үш белгіге негізделеді: 1) құбылыс тіл жүйесіне тән болуы керек; 2) қарым-қатынаста үнемі қолданылуы тиіс; 3) бұл құбылыс қоғам тарапынан норма деп танылып, қолдауға ие болуы қажет [5, 112].

Адамдар арасындағы қарым-қатынас үшін аса маңызды коммуникативтік мәдениетті эмоция мәдениеті, ойлау мәдениеті мен сөйлеу мәдениеті құрайды. Тіл жүйесі мақсатқа, жағдайға сәйкес тілдік құралдарды қалай талғап жұмсау негіздеріне үйрететін ғылыми сала.

Қазіргі қазақстандық тіл білімі бірқатар сапалы өзгерістерді бастан кешірді. Көптеген ғалымдардың қызығушылығы сөйлеушінің жалпы адамзаттық, ұлттық-мәдени және жеке қасиеттері қалай көрінетінімен байланысты, яғни адам белгілі бір құбылыстарды талдауда, оның перспективасы мен түпкі мақсаттарын анықтауда тірек нүктесіне айналады. Сонымен отандық тіл білімі саласында адамның ақыл-ой әрекетінің негізін құрайтын танымдық механизмдер тұрғысынан тілді зерттейтін және сипаттайтын когнитивтік лингвистика қалыптасты.

Медиалингвистика әдіснамасын тұтас ғылыми пән ретінде әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді, пән БАҚ тілінің табиғатын, функцияларын, нақты және болжамдық мүмкіндіктерін ұғыну тәсілі болып табылады.

Медиалингвистиканың әдіснамалық негіздерін дамытуға деген бетбұрыс қазіргі ақпараттық қоғамның жағдайымен туындаған қажеттілікке байланысты. Зерттеу стратегиялары мен тәсілдері медиадискурс, медиасөз, медиамәтін мәселелерін, бұқаралық коммуникация саласындағы тілдің қызмет ету ерекшеліктерін, қоғамның бұқаралық санасына әсер етудің лингвомедиялық технологияларын зерттеуге деген қызығушылықтың артуымен байланысты.

Қазіргі таңда баспасөз медиа саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни және басқа да салалардағы ақпарат пен коммуникацияның көзі ғана емес, сонымен қатар ақпарат алушыға ықпал ету құралына айналууда. Т. Добросклонская медиалингвистиканы ғылымның жаңа бағыты ретінде қарастырып, оған мынадай анықтама берген: «Медиалингвистика–баспа, аудиовизуалды және желілік медиамен байланысты қазіргі бұқаралық байланыс құралдарын немесе медиа саласын зерттейтін лингвистиканың бағыты» – деп көрсетеді [5,120].

«Медиа» термині латынның «media», «medium» сөзінен алынған – құрал, тасымалдаушы деген мағына береді. XXғасырда «бұқаралық мәдениет» құбылысын анықтап көрсету үшін енгізілген [6,64]. Бүгінгі таңда БАҚ- тағы бір түрі ретінде қарыштап дамып, кең құлаш жайған ғаламторды, және электронды бұқаралық ақпарат құралдарын қосу қажет деп ойлаймыз. Қазіргі заманда ақпарат таратуда ғаламтор желісі алдыңғы орында болып отыр. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөйлеудің риторикалық сипаты бейнесі сөздер пен стандарттың кезектесуіне байланысты сипатталады. Бұл факторлар ақпаратқа әсер ететін медиастилінің стилистикалық негізін белгілейді, ал медиа мәтіннің авторы оны әлеуметтік мазмұнмен толтырады.

Француз тілтанымдық дәстүрі бойынша «дискурс» (discours. fr.) – жалпы сөйлеу дегенді білдіреді. Алғаш рет бұл сөзді термин ретінде қолданысқа енгізген ғалым Э.Бенвенист, оның анықтауы бойынша, сөйлеу тілдесімнің нақты жағдаяттарының прагматикалық мақсаттарымен айқындалатын «сөйлеушінің сөзі». Сондықтан да, нақты айтқанда дискурс дегеніміз – белгілі бір коммуникативтік тәжірибе шеңберінде өз мақсаттарын іске асырушы-коммуникацияға қатысушылардың айтылымдарына ықпал ететін әлеуметтік және идеологиялық шектеулер жүйесі болып табылады. Дискурстың нақты саналуан түрлерінің аталымдары, оның небір сансыз өлшем шарттары туралы сөз етеді: Отан туралы дискурс, діни дискурс, саяси дискурс, медициналық дискурс, экономикалық дискурс, жарнама дискурсы, педагогикалық дискурс, БАҚ дискурсы (масс-медиялық, медиалық) т.б.

Яғни, дискурс дегеніміз – ең бір кең, әрі жалпы мағынасында белгілі бір «сөйлеу, сөз саласындағы» сөйлеу тәжірибесі болып саналады. Бұл жеке дара мәтін емес, адресат пен автор арасында пайда болып, туындау шартымен жұмсалудың пайда болған тәжірибе деп

саналады. Дискурс – мәтіндердің тұтас бір жиынтығы, сонымен қатар ол – белгілі бір уақыт пен кеңістіктегі тұтас мәтіндердің ағыны секілді. Нақтырақ айтсақ, жазбаша, сондай-ақ ауызша мәтіндерде айқындалатын «уақыт пен кеңістіктің өзі» дегенді білдіреді.

Ғалым Ю.С. Степановтың пікірінше, дикурс: «тіл ішіндегі тіл», сол себепті болар, ол өз мәтіндері болатын әрбір тіл ретінде сипатталады. Бұл ретте, «өз» деп отырғанымыз – сол бір дискурста тән келетін ерекшелік пен өзгешелік. Осыған сәйкес Ю.С. Степановтың мына бір пікірін толық құптаймыз: «Ең бастысы және ең алдымен, дискурс мәтінде орын алады, бірақ қандай мәтін дегенде – ерекше грамматикасы, ерекше лексиконы, ерекше сөзқолданысы мен синтаксисі, ерекше семантикасы, сайып келгенде – ерекше дүниені айқындайтын мәтінде. Әрбір дискурс әлемінде өзіндік синонимдер қолданысы, ақиқат пен шынайылық, өз этикет ережелері болады» [7,432]. Сондықтан да әрбір дискурс түрін ерекше етіп тұратын негіз, оның тілінің белгілі бір қызмет саласындағы (ғылым, білім, саясат, медицина, спорт, БАҚ және т.б.) немесе рухани тәжірибе өрісіндегі (өнер, дін т.б.) жұмсалымы.

Дискурс теориясы тек лингвистикада ғана емес, сонымен қатар медиакоммуникацияға қатысты зерттеулерде де белсенді дамып келе жатқан салалардың бірі. Медиадискурстағы коммуникативті үдерістің өзіндік нақты міндеттері бар, ол белгілі бір келісімге қол жеткізуге немесе автордың өз көзқарастарымен ұстанымдарын түсінікті етіп жеткізуге ықпал етеді.

Дискурстың ең негізгі құрамдас бөлігі коммуниканттар екеніне байланысты зерттеушілер тұлғалық дискурс пен институционалды дискурсты ажыратып көрсетеді, соның негізінде тұлғалық дискурстың өзі көркем дискурс (адамның өз ойын, әлемді танып түйсінуін көркем, әсерлі, бейнелі жеткізуі) және қарапайым дискурс (күнделікті қарым-қатынас қажеттілігін өтеу) болып бөлінеді. Ал институционалды дискурстың типтері қарым-қатынас мақсаты мен қарым-қатынас жағдайының негізгі сипатын, көбінесе орнын, коммуниканттардың рөлдік статусын, жас ерекшеліктерін ескеруді көздейді, яғни діни дискурс болса, пікірлесуі және оның көбіне мешітте, уағыз түрінде өтетінін ескеру қажет. Бұлардың бәрі тыңдаушыға бетпе-бет ауызша бағытталатындықтан және вербалды құрылымында әрі қоғамдық-саяси, әрі ғылыми, әрі жалпыхалықтық қолданыстағы лексика, ауызекі сөйлеу тіліне тән синтаксистік құрылым болатындықтан, ауызекі сөйлеу стилінің әдеби түріне жатқызылады. Ал сөйлеудің әдеби емес түрі - адамдардың тұрмыстық деңгейдегі әр алуан тақырыптағы түрлі жағдаяттардағы қарым-қатынасы, яғни қарапайым дискурста қолданылады.

Медиадискурстағы коммуникативті үдерістің өзіндік нақты міндеттері бар, ол белгілі бір келісімге қол жеткізуге немесе автордың өз көзқарастарымен ұстанымдарын түсінікті етіп жеткізуге ықпал етеді.

Дискурс теориясы тек лингвистикада ғана емес, сонымен қатар медиакоммуникацияға қатысты зерттеулерде де белсенді дамып келе жатқан салалардың бірі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304 б.
2. Балақаев М. Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.
3. Хасенов Ә. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, «Рауан», 1990. – 184- б.
4. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері.- Алматы, 2002 ж., 368 б.
5. Бейсенбаева З. Уәлиев Н. т.б. Тіл мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 112 б.
6. Добросклонская Т.Г. Медиалингвистика: системный подход к изучению языка СМИ: современная английская медиаречь. – М., 2008. –120 б.
7. Федоров А.В. Словарь терминов по медиаобразованию, медиапедагогике, медиаграмотности, медиакомпетентности. – Таганрог, 2010. – 64 б.
8. Степанов Ю.С. Альтернативный мир. Дискурс. Факт и принцип причинности//Язык и наука конца XX века. М. 1995. - 432 б.